

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Зат есім

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.06.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/76068/>

Пән: Қазақ тілі Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 5-бөлім: «Өнер» Күні: 15.01.2020 Сынып: 5	Мектеп: Ы.Ноғайбаев атындағы №18 орта мектеп МКМ Мұғалімнің аты-жөні: Ельбаева Жазира Отаровна Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы	Зат есім	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқубағдарламасына сілтеме)	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құрау/компьютерде теру; 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.	
Сабақмақсаттары	Барлық оқушылар жасай алады: • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойыңдәлелдеуге жәнетолық, жүйелі, түсінікті етіпайтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.	
Бағалау критерийлері	• Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтуға, ойын жазбаша жеткізуге дағдыланады.	
Құндылықтарды дарыту	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.	
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, қазақ тілі.	
АКТ қолданудағылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;	
Ресурстар	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі - түсті қарындаш, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б	
Бастапқы білім	5-бөлім материалдары оқушылардың 2-сыныпта өткен «Сөз таптары», алдыңғы бөлімде қарастырылған «Сөз құрамы» тақырыптары бойынша игерген дағдылары мен білімдеріне негізделіп меңгертіледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. (Ұ) Оқушыларды «Шаттық шеңбер» бойымен тұрғызып, үш тілде сәлемдесу айтады. Балалар бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қандай? О-О-О-балалар айтады. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз, Еш уайымды білмейміз. – жарайсыңдар! Оқушылар фигуралар арқылы топқа бөлінеді. 1-топ «Зат есім» 2-топ «Сын есім» 3-топ «Сан есім» 4-топ «Етістік» Топ ережесін сақтау Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Ойлан, жұптас, бөліс Суретші Ә.Қастеев туралы өз ойларын ортаға салады, бір-бірімен пікір алмасады. - ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
-----------------------------	--	--

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы. 3.2.3.1 (Ө; Ұ;) Мәтінді түсініп оқу. 12-жаттығу. Мәтінді түсініп оқиды. Түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. (Т; ж) Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыру. Сұрақтарға жауап беру. Оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған «Аквариум» стратегиясы бойынша сынып екі топқа біріктіріледі. Сұраққа жауап беретін топ шеңбердің ішінде отырады. Сұрақ қоятын топ оларды қоршап тұрады. Ол үшін алдымен бірінші топ мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. Екінші топ мәтін мазмұнымен жұмыс жасайды. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) (Ұ; Ж) Бір-бірінің жұмысын бағалау. Екі жақсы жағы мен бір кемшілігіне ұсыныс білдіру арқылы рефлексия жасау. «Екі тілек, бір ұсыныс» стратегиясы арқылы бір-бірінің жұмысын бағалайды. Орындаған жұмыстарының екі жақсы жағы мен бір кемшілігіне ұсыныс білдіру арқылы өз іс- әрекеттеріне кері байланыс жасайды. (Ұ) Өз ойын білдіру. Ә.Қастеев өнер, білім туралы не айтты? сұрағын топта талқылап, өз ойын білдіруіне басшылық жасалады. (Ж.Ж) Мәтіндегі Жалқы есімді сөздерді тауып жазу. Мәтіндегі тірек сөздерден қандай ой түйгенін айтады. Жұппен жұмыс ұйымдастырылады. Мұғалімнің басшылығымен орындалған жұмысты өзара тексереді. Бір-бірінің қатесін тауып, түзетеді. 14-жаттығу. Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен түсініп оқиды. Өлеңнің мазмұнына сай сурет салып көр. Өздерінің қандай өнерлері бар екенін айтуына басшылық жасалады. (Ж.Ж) Хабарлама жазу. Хабарлама жазу үлгілері көрсетіледі. Өз өнері туралы досына хабарлама жазады. Жазған хабарламаларын топта жариялап оқиды. Өз достарының өнерлері туралы топта айтып береді. Сөйлеу барысында тілдік нормаларды дұрыс қолдануына басшылық жасалады. (Ж.Ж) Берілген сөздерді оқып, сұрақ қою. Тапсырманы оқып, түсініп орындауына басшылық жасалады. Берілген сөздерді оқып, оларға сұрақ қояды. Берілген зат есімдерді көпше түрге айналдырып жазады. Өздері мысал келтіріп, игерген білімдерін пысықтайды. Дескриптор: I Жаңа білімді меңгереді. I Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. I Өз ой қорытындысын оқулықтағы жаңа ақпаратпен салыстыра алады. Кез келген жағдайда өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>(Ж.Ж) Тақырып бойынша оқушылардың игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында тестік жұмыс орынтатылады. Оқушылар дәптерде берілген тапсырманы оқиды. Дұрыс жауаптардың бірін белгілейді. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Кері байланыс</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.</p>
<p>Саралау -оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>

<p>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу</p> <p>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады.</p>	<p>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялар ары. Сергіту сәттері мен белсенді іс- әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары.</p>			
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?</p> <p>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>				
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>					

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.